

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 5 қарашадағы N 1398 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 8 шілде N 733. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 14.02.2017 № 66 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ерекше мәртебесі бар мемлекеттік жоғары оқу орындары туралы үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 5 қарашадағы N 1398 P011398_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ерекше мәртебесі бар мемлекеттік жоғары оқу орындары туралы үлгі ережеде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ерекше мәртебе білім беру саласындағы орталық атқарушы органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен жеке адамды тәрбиелеуге, оқытуға, оның кәсіби қалыптасуына аса көрнекті үлес қосқаны үшін мемлекеттік жоғары оқу орындарына беріледі.";

5-тармақта "нысаны" деген сөзден кейін "шаруашылық жүргізу құқығындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақта:

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру жүйесінде кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандар даярлаудың тиісті бейіндері бойынша оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік орталықтар болып табылады;"

7) тармақша алынып тасталсын;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Ұйымдастыру-құқықтық нысанына қарамастан, ерекше мәртебесі бар мемлекеттік жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамына және

басшылық ететін қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жалақылар мен тарифтік

ставкалардың белгіленген мөлшерлеріне 1,75 арттыру коэффициентімен жүзеге

асырылады.

Осы тармақ 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енеді."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.